



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2023 жылдың 7-8 сәуір күндері Назарбаев университетінде Алаштың ұлттық мінбері «Қазақ» газетінің 110 жылдығына арналған «**ЖАС ҒАЛЫМ-V**» атты республикалық студенттердің дәстүрлі ғылыми конференциясы өтеді.

Ұйымдастырушылары:

- ✓ Қазақ тілі және түркітану Департаменті, НУ;
- ✓ Тарих, дінтану және антропология Департаменті, НУ;
- ✓ Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі.

Мақсаты:	<ul style="list-style-type: none">✓ Студенттердің қазақ тілінде академиялық ғылыми ізденістер жүргізу дағдыларын қалыптастыру және дамыту;✓ Жастар арасында қазақ тілінің мәртебесін арттыру;✓ Қоғамның өзекті мәселелерін зерттеу арқылы жастардың бойында тұлғалық белсенділігін дамыту;✓ Еліміздің ЖОО студенттері арасында интеграциялық қарым-қатынасты дамыту.
Қатысушылары:	Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары қатыса алады. Барлық мамандықтар бойынша қатысуға болады.
Басты бағыттары:	<ol style="list-style-type: none">1. Қазақ тіл білімі ғылымы2. Қазақ әдебиеттану ғылымы3. Тарих ғылымы4. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар5. Жаратылыстану, техникалық және медициналық ғылымдар
Форматы:	<ul style="list-style-type: none">✓ <i>Гибридті</i> (офлайн-онлайн, ZOOM платформасы)✓ <i>Тілдері:</i> қазақ және ағылшын
Қатысу тәртібі:	<ul style="list-style-type: none">✓ 1 наурызға дейін - конференцияға қатысу өтінімі мен баяндама абстрактісін жіберу керек. Қатысу өтінімінде - студенттің аты-жөні, университеті, факультеті, курсы, ғылыми жетекшісі, баяндама тақырыбы, эл.поштасы, телефоны нөмері туралы мәліметтер беріледі. Абстрактіде зерттеудің өзектілігі, әдіснамасы, басты тұжырымдары қамтылуы қажет. Абстракт көлемі – 250 сөз.✓ 10 наурызға дейін - іріктеу кезеңі. Қатысу өтінімі мен

	<p>ғылыми абстрактіні іріктеу комиссиясы қарастырады және іріктеу нәтижесі қатысушыларға хабарланады.</p> <p>✓ 27 наурызға дейін – ғылыми баяндаманың толық мәтінін жіберу керек. Баяндамамен ғылыми дискуссант танысады. Баяндама мәтіні плагиаттыққа тексеріледі. Ғылыми баяндама мазмұны – академиялық сипаттағы ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай болуы керек. Көлемі – 1200-1500 сөз.</p>
Ғылыми жұмыстарды жіберу	<p>✓ Конференцияға қатысуға жіберілетін барлық материалдар - <i>қатысу өтінімі, абстракт, ғылыми баяндама</i> мына көрсетілген электронды поштаға жіберіледі.</p> <p>✓ Конференцияның электронды поштасы: zhasgalym@nu.edu.kz</p>
Бағдарламасы	<p>✓ Мерзімі мен уақыты: 7-8 сәуір 2023 жыл, 10.00-18.00</p> <p>✓ Конференцияның ашылуы рәсімі мен пленарлық мәжіліс;</p> <p>✓ Конференцияның 5 бағыты бойынша панельдік сессиялар;</p> <p>✓ «Ғылым көкжиегіндегі жастар» тақырыбында дөңгелек стол;</p> <p>✓ Еліміздің ЖОО-ның студенттері арасында өзара тәжірибе алмасуға бағытталған таныстырылым панелі;</p> <p>✓ Конференцияның жабылу рәсімі және марапаттау</p>
Конференцияны өткізу тәртібі	<p>✓ Конференция бағдарламасына сәйкес ғылыми баяндама презентация негізінде ауызша қорғалады. Презентацияны баяндау уақыты – 20 минут.</p> <p>✓ Қатысушы презентациясын қазылар алқасы, қатысушылар және көрермендер алдында ауызша қорғайды. Әр презентацияның қорғалу уақыты конференция бағдарламасында көрсетіледі.</p> <p>✓ Конференцияның басты 5 бағыты бойынша қазылар алқасының шешімімен үздік баяндамалар іріктеліп, марапатталады.</p> <p>✓ Конференция абстрактілері электронды жинақ түрінде шығады. Үздік баяндамалар «Зиялы» ақпараттық порталында жарияланады.</p> <p>✓ Конференция қатысушыларына - сертификат, ғылыми жетекшілерге - алғыс хат, үздік баяндамашыларға – арнайы сыйлықтар беріледі.</p>
Қаржыландыру	Конференция жұмысына қатысу – тегін. Қатысушы шығындары жөнелтуші тараптан өтеледі.
Мекенжайы және байланыс телефондары	Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 53, Назарбаев университеті, «Қазақ тілі және түркітану» Департаменті, 8 блок, 120 кабинет. Жауаптылар: Құсайынова Мейрамгүл, Әбдіғаппарова Жанар, Жүнісхан Айдын. Телефондары: 87026002479, 87018009926, 87786133394

Ұйымдастыру комитеті